

Пайдалану бойынша  
нұсқаулық

**DEXP**

**DEXP BMT-9130YX**  
**сақал мен мұртқа**  
**арналған триммер**

## Мазмұны

Құрылғының мақсаты .....	4
Сақтық шаралары.....	4
Құрылғы схемасы .....	5
Аkkуmулятopлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөнiндегi ұсынымдар .....	6
Құрылғыны зарядтау.....	8
Пайдалану жөнiндегi нұсқаулық .....	8
Тазалау және күтiм .....	8
Жиынтық .....	8
Техникалық сипаттамалары .....	9
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткiзу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары .....	9
Қосымша ақпарат.....	10

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының мақсаты

Триммер шаштарға және сақалға күтім жасауға және де шаштарды дәлдеп қырқуға арналып жасалған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асырғаннан басқа жағдайларда пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.
- Зарядтау кезінде құрылғыны суға батыруға немесе ағынды судың астында жууға тыйым салынады. Су ағынының астында тек кесу блогын жууға рұқсат етіледі.
- Құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа бөлмелерде пайдаланбаңыз. Құрылғы өшірулі болса да, судың жақындығы қауіпті.
- Құрылғыны пайдалану, оны зарядтау және сақтау +15 °C — ден +35 °C -ге дейінгі температурада жүргізілуі керек.
- Жеткізу жиынтығына кіретін керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Зақымдалған немесе тозған кескіш блокты немесе триммер саптамасын пайдаланбаңыз, себебі бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Көрінетін зақым анықталған кезде құрылғыны пайдаланбаңыз, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны тексеру немесе жөндеу үшін тек уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгінген жөн. Біліктілігі жоқ адам жүргізген жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны тазалау үшін қысылған ауаны, металл губкаларды, абразивті тазартқыштарды немесе агрессивті сұйықтықтарды (май немесе ацетон) пайдаланбаңыз.

## Құрылғы схемасы

1. Төменгі кескіш блок.
2. Жоғарғы кескіш блок.
3. СК дисплей.
4. Қосу/өшіру түймесі.
5. Қорғаныс қақпақшасы.
6. саптамалар (1 мм, 2 мм, 3 мм).



## Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

### Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз

Аккумуляторлық батареяның зарядталу/зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Li-ion-ға арналған сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдерін қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру тоқтары шектелген. Li-Ion батареяларында «жады әсері» жоқ. Аккумуляторларды зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген заряд деңгейінен бастауға болады.

Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған. Егер, мысалы, заряд 90%-дан көп болса, контроллер аккумулятордың зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сондай-ақ, элементтердің істен шығуына жол бермей отырып, ол батареяны толығымен зарядсыздандыруға мүмкіндік бермейді. Құрылғы электр желісі арқылы жұмыс істесе де – Li-ion батареясы айына кемінде бір рет толық зарядтау/ зарядсыздандыру циклынан өтуі керек («батареяның заряды таусылғандығы» туралы хабарлама пайда болғанға дейін). Батареяны толық зарядсыздандыруға жол беруге болмайды. Заряды таусылған күйде ұзақ уақыт сақталған кезде Li-ion аккумуляторы тез тозады. Егер бұл сонда да орын алса, оны бірден зарядтауға қойыңыз. Батарея тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Li-ion аккумуляторларының өздігінен зарядсыздандырылуы айына шамамен 5% құрайды. Li-ion аккумуляторлары өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және олардың пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан, үнемі тозуға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса және зарядтың шамасы 40 %-ға тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы деградация соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер батарея пайдаланылмаса, зарядын 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн. Егер батарея зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан батарея өзі істен шығады.

### Температуралық режимді сақтаңыз

Батарея зарядталған күйінде +15 °C-тан +35 °C-ға дейінгі температурада ауаның қалыпты ылғалдығында сақталуы тиіс. Батареялар қоршаған орта температурасы өте жоғары (40 °C-тан жоғары) және өте төмен (-10 °C-тан төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Батареяны тікелей күн сәулесінің астында қалдыруға болмайды.

## **Зақымдану іздері бар батареяларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз**

Ешбір жағдайда батареяларды өздігінше бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды.

Қажет болған жағдайда, мамандандырылған сервистік орталықтарға хабарласыңыз. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, соңынан тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. Литийдің жоғары температурадан балқуы де жарылысқа әкелуі мүмкін. Корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сутегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Сіз батареяның ағымдағы күйін батарея күйінің индикаторынан көре аласыз, ол кез келген құрылғыда бар (сіз оның орналасқан жерін және жұмыс принципін сатып алу кезінде анықтай аласыз).

Сақ болыңыз: зақымдалған батареялар зиянды заттарды шығаруы мүмкін.

Егер батарея ауыстырылатын (алынбалы) болса, оның жұмысында проблемалар туындаған жағдайда сервистік орталығына хабарласыңыз (кепілдік мерзімін кепілдік талонынан қараңыз).

Егер батарея алынбайтын болса (батарея құрылғының ажырамас бөлігі болса), кепілдік құрылғының өзіне сияқты әрекет етеді. Сондай-ақ, сервистік орталығына хабарласу қажет.

Ақаулы батареяны неғұрлым тезірек жөндеуге берсеңіз, соғұрлым оны аз шығынмен қалпына келтіруге болады. Назар аударыңыз: аккумулятордың жұмыс істеу уақыты көптеген басқа факторларға байланысты; шынайы жұмыс уақыты осында көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. Аккумулятор зарядтау циклдарының саны шектеулі болуы мүмкін және біраз уақыт өткеннен кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін (аккумуляторға берілген шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). Аккумулятордың жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты.

## Құрылғыны зарядтау

1. Құрылғының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. USB-кәбілді қуаттау жалғағышына және қуаттау көзіне қосыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** құрылғының заряды таусылғанда, оны зарядтау кезінде пайдалануға болады. Құрылғының батареясы шамамен 2 сағат ішінде толығымен зарядталады. Толық заряд 1,5 сағат жұмыс істеуге жеткілікті.

## Пайдалану бойынша нұсқаулық

1. Тиісті саптаманы орнатыңыз және оның құрылғыға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.  
**Назар аударыңыз:** саптаманы орнату кезінде құрылғы өшірілуі керек.
2. Шаш алуды бастау үшін қосу/өшіру түймесін басыңыз.
3. Құрылғыны саптамамен бет терісіне жақындатыңыз және оны шаш бойымен баяу қимылмен жүргізіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** кесуді бастамас бұрын, шаштың құрғақ және таза екеніне көз жеткізіңіз. Құрылғыны дымқыл шашқа қолданбаңыз.

## Тазалау және күтім

1. Аспапты өшіріп, қуаттау көзінен алып тастаңыз.
2. Шаш қыстырғыштары мен кесу блогын щеткамен тазалаңыз. Кесу блогын 2-3 тамшы маймен майлаңыз және майды біркелкі тарату үшін құрылғыны қосыңыз
3. Құрылғының өзін ылғалды жұмсақ матамен тазартыңыз.
4. Сақтау үшін құрылғыға қорғаныс қақпақшасын кигізіңіз.

## Жиынтық

- Қырыну басы бар негізгі құрылғы.
- Саптама — 3 дана. (1 мм, 2 мм, 3 мм).
- Қорғаныс қақпақшасы.
- Тазалауға арналған щетка.
- Май.
- USB кәбілі.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

## **Техникалық сипаттамалары**

- Үлгісі: BMT-9130YX.
- Қуат көзі: Li-Ion аккумуляторы, 1x800 мА·сағ.
- Автономды жұмыс уақыты: 90 мин. дейін.
- Толық зарядтау уақыты: 120 мин.
- Кернеу: 5 В, 1 А.
- USB кәбіл: Type-C.
- Шаш алудың ең төменгі ұзындығы: 0 мм.
- Максималды шаш ұзындығы: 3 мм.
- Металл корпус.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.
- Сауда белгісі: DEXP.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары**

- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй — жайларында ауа температурасы 15 °С-тан 35 °С -қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% — дан аспайтын қаптамада жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіледі. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және бақылаусыз қалдықтардың шығарылуының нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Юйяо Сянтэн Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.

Вэйсы №8 тас жолының батыс бөлігі, Сымэнь, Юйяо, Нинбо қ, Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

**Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы:** info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі және сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

## Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_

Кепілдікке қойылған күні: \_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімін мына мекенжай бойынша алуға болады:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (қоса алғанда, бірақ бұнымен шектелмей, өнімнің қатты магнитті дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, өнімге қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.

## Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттілікке арналған өнім кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші өнімді пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу қағидаларын (өнімнің өзіне де, онымен байланысты өнімдерге де сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар) сақтамауы, өнімді сақтау және тасымалдау нәтижесінде өнімнің иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, қиғаштар, кептелістер және т.б.
- Бөгде модификацияның, мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдардың рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің конструкциясының немесе схемасының өзгеруіне, өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, өнімнің желі әрекет ету аймағында немесе одан тыс пайдаланылуынан туындаған болса.
- Өнімнің сәйкестендірілуі (сериялық нөмір) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жа-сақтаманың әсерінен; өнімнің бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына, оларды арылтуға/қалпына келтіруге мүмкіндік бермеуіне әкеп соққан парольдерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою, осы қызметті БЖ жеткізушісінің ұсынуының болмауына байланысты болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, өнімнің желі әрекет ету аймағында немесе одан тыс пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарын, қосалқы бөлшектерін, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасығыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса).
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және ұқсас бағдарламалар) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса).
- Осы өніммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.









[www.dexp.club](http://www.dexp.club)